



БҰЙРЫҚ

№ 204/2021
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 2-22/2021
г.г. Павлодар

**Білім алушылардың
білім жетістіктеріне мониторинг
жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 55-бабы 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2026 жылғы 17 сәуірдегі «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу туралы» № 100-НҚ бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылғы 30 сәуір - 18 мамыр аралығында орта білім беру ұйымдарында (1-қосымша) 4 және 9-сынып білім алушыларының арасында білім жетістіктеріне мониторинг (бұдан әрі - ББЖМ) ұйымдастырылсын және жүргізілсін.

2. Білім беру басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімі (А.К. Абаева), Ақпараттық технологиялар орталығы (Е.Ш. Утюбаев), Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы (Л.С. Серикбаева), қалалық және аудандық білім беру бөлімдерінің басшылары, мамандандырылған мектеп басшылары:

- ББЖМ өткізу кезеңінде білім алушылар үшін қауіпсіз жағдайларды тиісті ұйымдастырсын;

- ББЖМ рәсімдерінің өткізілуін (білім алушылардың дерекқорын қалыптастыру, аудиториялық қорын қалыптастыру, тестілеу кезінде электрмен жабдықтаудың және телекоммуникациялық желінің және компьютерлік техниканың үздіксіз жұмыс істеуін ұйымдастыру, оқушыларды аудиторияға кіргізу) ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. ББЖМ рәсімдерін жүргізуді ұйымдастыру және өткізу үшін облыстық үйлестіруші болып Павлодар облысы білім беруді дамытудың инновациялық орталығының әдіскері Л.А. Жанке белгіленсін.

4. Орта білім беру ұйымдарында ББЖМ рәсімдерін жүргізу үшін жауаптылар (2-қосымша) тағайындалсын.

5. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес тәуліктік ақысы, тұрғын жай жалдау және жол жүру шығындары (3-қосымша) төленсін.

601442

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н.Ш. Азанбаеваға жүктелсін.

Басқарма басшысының м.а.



А. Айтуарова

Бұйрықпен таныстырылды:

